ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 маусым № 4360-23-00-2/1109 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Kumisbek» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ыдырыс Нұржігітұлы Күмісбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Kumisbek» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ыдырыс Нұржігітұлы Күмісбекке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Kumisbek» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ыдырыс Нұржігітұлы Күмісбек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Kumisbek» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ыдырыс Нұржігітұлы Күмісбектен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2023, судья Әбілқайысқызы А., 11.08.2023

4360-23-3-1/1183